

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ

«Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ-нің кезектен тыс

№7 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

18 шілде 2025 жыл

Ойыл ауданы

Барлығы: 19

Қатысқаны: 19

Күн тәртібі:

1. Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы туралы / Г. Жумагулова /

Тыңдалды:

Жумагулова Г.А – мектеп директоры:

ҚР кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Білім туралы ҚР заңын ҚР оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ҚР оқу-ағарту министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп - балабақшасы» КММ-де 2025 жылдың 08.07-16.07 аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 16.07.2025 жылғы №54 хаттамалық шешімі **ҚОРЫТЫНДЫ:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 16.07.2025 жылғы №54 хаттамалық шешіміне сәйкес кемшіліктерді 2026 жылдың 11 наурызына дейін жою ұсынылды.

Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:

1. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары, перспективалық жоспар, апталық циклограмма көшірмелері мен жеке даму карталары ұсынылмаған.
2. 2024-2025 оқу жылының мектепке дейінгі ұйымның Қызметтік үлгілік қағидаларының талаптарын сақтау бойынша білім беру қызметіне, жас топтарының тізімі, жабдықтар мен жиһаздарға арналған бухгалтерлік есептілік деректерінен жүкқұжаттар мен негізгі құралдар тізбесі, медициналық қызмет көрсету және тамақтануға арналған санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды, ата – аналарға арналған консультациялық пункт туралы құжаттар, штат кестесіне және тарифтеу, біліктілік санатын алу және біліктілікті арттырудан өту туралы құжаттарды ұсынбаған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша:

1. «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсы 2,3 сыныптарда талапқа сай жүргізілмеген.
2. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы 3,8 сыныптарда талапқа сай жүргізілмеген.
3. БЖБ мен ТЖБ өткізілмейтін цифрлық сауаттылық, жаһандық құзыреттілік пәндеріне жартыжылдық және жылдық қорытынды бойынша «сыналды», «сыналмады» белгісі қойылмаған.
4. 2024-2025 оқу жылы бойынша оқу жылының ұзақтығы мен каникул уақытының ұзақтығы туралы бұйрық, емтихан өткізу кестесі мен емтихан бұйрықтары ұсынылмаған.

Жоғарыда аталған кемшіліктердің негізінде мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 16.07.2025 жылғы №54 хаттамалық шешіміне сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Екпетал мектеп - балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛМАДЫ.**

Жоғарыда аталған кемшіліктерді саралай келе педагогикалық кеңес шешім етті:

1. Анықталған кемшіліктер бойынша жоспар құрылып, орындалуға тиісті жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

2. Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын өлшемшарттарын, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттарын зерделеуге тиісті құжаттар жүйеленіп ұсынылсын.
3. Мектенке дейінгі ұйымның қызметтік үлгілік қағидаларының талаптарын сақтау бойынша білім беру қызметіне тиісті барлық құжаттар толықтырылсын.
4. «Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру талапқа сай жүргізілмеген 2,3-сыныптардағы оқу сабақтары жүйеленіп, журналға талапқа сай толықтырылсын.
5. «Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 3,8-сыныптарда талапқа сай жүргізілуі қалыпқа келтірілсін.
6. БЖБ мен ТЖБ өткізілмейтін цифрлық сауаттылық, жаһандық құзыреттілік пәндерінен жартыжылдық және жылдық қорытынды бойынша «сыналды», «сыналмады» белгісі қойылсын.
7. Жоғарыдағы талаптарды тиісті деңгейде орындамаған педагогтерден (Сұлтан Г, Хайруллина Т, Сисенбаева М, Махатова А, Бақтияров Е) түсініктеме алынсын.
8. Материалдық – техникалық базаны жабдықтау және ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға жағдай жасау бойынша тиісті жабдықтармен қамтамасыз ету туралы аудандық білім бөліміне сұраныс берілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Хатшы:



Жумагулова Г

Сисенбаева М